

References:

1. Deyatel'nost' pravitel'stva [Elektronnyy resurs]. — Rezhim dostupa: <https://www.ortcom.kz/ru/deyatelnost-pravitelstva/1747109177> (data obrashcheniya: 20.10.2025).
2. Tovary, sdelannye invalidami, mozjno kupit' v internete [Elektronnyy resurs]. — Rezhim dostupa: https://tengrinews.kz/strange_news/tovaryi-sdelannyye-invalidami-mojno-kupit-internet-290264/ (data obrashcheniya: 20.10.2025).
3. Wehmeyer M.L. Strengths-based approaches to disability, the supports paradigm, and the importance of the supports intensity scales // *Revista Educação Especial*. — 2020. — T. 33. — S. 1–14. — Rezhim dostupa: <https://www.redalyc.org/journal/3131/313162288065/html/>.
4. Rubtsov V.V. *Psikhologiya obrazovaniya: ot deyatelnostnogo podkhoda k razvivayushchey srede*. — M., 2019.
5. Asmolov A.G. *Lichnostno-orientirovannoe obrazovanie: strategicheskii resurs modernizatsii*. — M.: Smysl, 2021.
6. Spichtinger U., Valaikienė A. Prevocational training situation of young people with special educational needs (SEN) in Germany // *Social Welfare: Interdisciplinary Approach*. — 2012. — Vol. 3, № 1. — P. 138–148. — DOI: 10.15388/SW.2012.28214.
7. Kasap C., Ergenekon Y. The Curriculum Designed for the Preparation of Students with Developmental Disabilities for Transition to Independent Life // *Education and Science*. — 2023. — Vol. 48, № 215. — P. 113–141. — DOI: 10.15390/EB.2023.11450.
8. Ndlovu S., Walton E. Preparation of students with disabilities to graduate into professions in the South African context of higher learning: Obstacles and opportunities // *African Journal of Disability*. — 2016. — Vol. 5, № 1. — P. 150. — DOI: 10.4102/ajod.v5i1.150.
9. Movkebaeva Z.A., Uvalieva M.Z. Osnovnye trudnosti pri postupenii v vuzy lits s ogranichennymi vozmozhnostyami // *Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya: Pedagogicheskie nauki*. — 2023. — T. 79, № 3. — S. 246–255. — DOI: 10.51889/2959-5762.2023.79.3.021.
10. Kosaretskiy S.G. Trendy «inklyuzivnogo obrazovaniya» v sovremennom mire: mezhdunarodnye diskussii i perspektivy dlya Rossii // *Psikhologicheskaya nauka i obrazovanie*. — 2024. — T. 29, № 5. — S. 14–30. — DOI: 10.17759/pse.2024290502.
11. Alekhina S.V., Bystrova Yu. A., Samsonova E.V., Shemanov A.Yu. Realizatsiya printsipa nepreryvnosti v inklyuzivnom obrazovanii Rossii // *Psikhologicheskaya nauka i obrazovanie*. — 2024. — T. 29, № 5. — S. 31–48. — DOI: 10.17759/pse.2024290503.

ҒТАХР 14.09.03

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.89.1.006>

Е.Н.Біләл,^{1*}  Е.Сұлтан¹ 

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, Алматы қ., Қазақстан

ҒҰМАР ҚАРАШТЫҢ «ПЕДАГОГИКА» ЕҢБЕГІНДЕГІ КОНЦЕПЦИЯЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ

Аңдатпа

Мақала алаш қайраткері Ғұмар Қараштың 1919 жылы жарық көрген «Педагогика» еңбегіндегі әдістемелік тұжырымдарды зерттеуге арналған. Мақаланың мақсаты – Ғұмар Қараштың «Педагогика» еңбегіндегі әдістемелік тұжырымдардың қазіргі білім беру контекстіндегі интерпретациясын анықтау. Ізденіс материалы – «Педагогика» еңбегінің түпнұсқасы мен қазіргі білім беру жүйесіндегі оқыту технологиялары. Тақырыптың өзектілігі – «Педагогика» еңбегіндегі әдістемелік тұжырымдардың қазіргі білім беру контекстіндегі өзектілігі мен маңызы толықтай қарастырылмағанында жатыр. Ізденіс мәліметтерін жүйелеу, жіктеу үдерісінде «Педагогика» еңбегіндегі әдістемелік тұжырымдардың қазіргі білім беру жүйесінде интерпретациялау үшін салыстырмалы талдау жүргізу, әдістемелік интерпретация, жинақтау, жүйелеу, бағалау, пікірлерді қорыту әдіс-тәсілдері қолданылды. Зерттеудің маңыздылығы – «Педагогика» еңбегіндегі әдістемелік тұжырымдардың қазіргі білім беру жүйесіндегі өзектілігіне көз жеткізу арқылы, ХХ ғасыр басындағы ұлттық оқыту тәжірибесінің маңыздылығын анықтау. Ізденіс нәтижесінде «Педагогика» еңбегіндегі әдістемелік тұжырымдар қазіргі оқытудағы дидактикалық ұстанымдармен салыстырылды, жаңартылған білім беру мазмұнындағы интербелсенді оқыту жүйесімен ортақ екендігі дәлелденді, олардың ара қатысы, айырмашылықтары көрсетілді.

Эмпирикалық талдаулар нәтижесін ЖОО-да оқытылатын 6В01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бағдарламасының «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» пәні мен «Алаштану және ұлттық білім беру саясаты», сонымен қатар, Ғұмартану саласының әдіснамалық негізі етуге болады.

Түйін сөздер: педагогика тарихы, оқыту теориясы, педагогикалық технология, әдістемелік интерпретация, интерактивті оқыту.

Биляль Е.Н.,^{1*}  Султан Е.¹ 

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г.Алматы, Казахстан

ИНТЕРПРЕТАЦИЯ КОНЦЕПЦИЙ ТРУДА ГУМАРА КАРАША «ПЕДАГОГИКА» В КОНТЕКСТЕ СОВРЕМЕННОЙ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

Статья посвящена исследованию методологических положений труда деятеля Алаш-Орды Гумара Караша «Педагогика», изданного в 1919 году.

Цель статьи – определить интерпретацию методологических положений труда Гумара Караша «Педагогика» в контексте современного образования.

Материалом исследования послужили оригинал труда «Педагогика» и современные образовательные технологии. Актуальность темы заключается в том, что значимость и актуальность методологических положений труда «Педагогика» в контексте современного образования до конца не раскрыты. В процессе систематизации и классификации исследовательских данных были использованы сравнительный анализ, методологическая интерпретация, обобщение, систематизация, оценка и выработка выводов с целью интерпретации методологических положений труда «Педагогика» в условиях современной образовательной системы. Научная значимость исследования заключается в том, чтобы через выявление актуальности методологических положений труда «Педагогика» в современной образовательной системе определить значимость национального педагогического опыта начала XX века. В результате исследования методологические положения труда «Педагогика» были сопоставлены с современными дидактическими принципами обучения, доказано их сходство с системой интерактивного обучения в условиях обновленного содержания образования, выявлены их общие черты и различия.

Результаты эмпирического анализа могут быть использованы в качестве методологической основы в рамках дисциплин: «Методика преподавания казахской литературы» и «Алашоведение и национальная образовательная политика», преподаваемых в рамках образовательной программы 6B01701 – «Казахский язык и литература», а также в области гумановедения.

Ключевые слова: история педагогики, педагогическая технология, теория обучения, методическая интерпретация, интерактивное обучение.

Bilal Y.,^{1*}  Sultan Y.¹ 

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

THE INTERPRETATION OF GUMAR KARASH'S «PEDAGOGY» CONCEPTS IN THE MODERN EDUCATION SYSTEM

Abstract

The article is devoted to the study of methodological concepts presented in the 1919 work «Pedagogy» by the Alash intellectual Gumar Karash. The purpose of the article is to identify the interpretation of the methodological concepts from Gumar Karash's «Pedagogy» in the context of modern education. The research materials include the original text of «Pedagogy» and current teaching technologies used in today's educational system. The relevance of the topic lies in the fact that the significance and applicability of the methodological concepts of «Pedagogy» in the modern educational context have not been fully explored. In the process of systematizing and classifying the research data, comparative analysis, methodological interpretation, synthesis, systematization, evaluation, and summarization methods were used to interpret the methodological ideas of «Pedagogy» within the framework of contemporary education. The importance of the research lies in demonstrating the relevance of the methodological concepts of «Pedagogy» in today's education system, thereby emphasizing the value of early 20th-century national teaching practices. As a result of the study, the methodological principles of «Pedagogy» were compared with modern didactic approaches, and it was proven that they share common features with the interactive teaching methods of the updated educational content. Their interrelation and differences were also identified.

The empirical findings can serve as methodological foundations for university courses such as «Methods of Teaching Kazakh Literature» within the 6B01701 – Kazakh Language and Literature program, «Alash Studies and National Education Policy», as well as for the development of Gumar Studies as a research field.

Keywords: history of pedagogy, educational technology, instructional theory, methodological interpretation, interactive learning.

Кіріспе. ҚР-ның білім беру жүйесінде алаш қайраткерлерінің әдіснамалық мұрасын қазіргі білім беру мазмұнымен сабақтастыра зерттеп, оқыту үдерісінде пайдалану тенденциясы анық

байқалады. Әсіресе, ұлттық құндылық пен танымға негізделген оқыту үдерісінде алаш оқығандарының әдіснамалық идеяларын жаңаша қарастырудың маңызы зор. Бұл алаш қайраткерлерінің оқу-ағарту саласындағы тұжырымдарының қазіргі білім беру мазмұнымен үндесуінен туындайды. Өйткені кез келген өркениеттегі білім беру мазмұны – адамзаттың рухани және материалды мәдениетіндегі қалыптасқан тәжірбиесімен дамып, сол халықтың әлеуметтік-экономикалық, саяси-мәдени, ұлттық құндылықтарымен сабақтасады. Алайда бұл процесс оқытылатын пәннің мазмұндық сипатымен байланысуы қажет. Сол себептен де, білім беру мазмұнының концепциясы алдыңғы ұрпақтың «тәжірбиесін меңгеру тәжірбиесінен» бастау алуы шарт. Сондықтан да қазақ әдіснамасының кәсіби негізін қалыптастырған алаш қайраткерлерінің педагогикалық тұжырымдарының қазіргі білім беру контекстіндегі маңызын анықтап, оқытудағы жаңа құзыреттіліктермен байланыстыру маңызды.

Бұл тұрғыдан алаш қайраткері Ғұмар Қараштың әдістемелік тұжырымдарын зерттеу өзекті болып отыр. Әсіресе, ағартушының «Педагогика» еңбегіндегі тұжырымдардың қазіргі білім беру контекстіндегі интерпретациясын анықтау зерттеудің мақсаты болып есептелінеді.

Ғұмар Қараштың қоғамдық-саяси, әдеби-мәдени, философиялық мұралары ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде зерттеле бастағанымен, ағартушының педагогикалық мұрасы жайындағы пікірлер діни догматикамен байланыстырылды. Медресені тәмамдаған Ғұмар Қараштың өлеңдеріндегі ағартушылық тұжырымдар ескішіл (қадымша) оқытудың сарқыншағы деп түсіндірілді. Тіпті, Ғұмар Қараштың ХХ ғасыр басындағы жаңашыл (жәдидше) бағытта қалыптасқан «Маржани» медресесін тәмамдап, 1902-1912 жылдары туған жеріндегі мектеп-медреселерде жаңа жүйеде сабақ бергені ескерілмеді. Мәселен, ағартушының «Қазақстан» газетінде жариялаған «Бұ қай заман» атты мақаласында: «Бізде тағы да бір қате пікір бар – орысша деп ғылымды жек көреді. Бұл да қате болсын. Неге десеңіз, ғылымды орыстыкі, мұсылмандікі деп айыруға жолақ тек дін ғылымын оқығанда ғана. Әмма оқу, яғни: қисап, жағырапия, хақимият (право), эндаса (инженерлік), тауарих (тарих), тәбиб (дәрігерлік), химия (химия), зирағат (ауылшаруашылық), тижарат (сауда). Бұл пәндерді оқудағы мақсат оларда баян етілген қағидалардың мағынасын біліп, қолданып, адам баласына түрлі жақтан пайда келтіру болады. Бұларды арабша оқып біл, фарсыша оқып біл, түрікше оқып біл, я болмаса французша оқып біл бәрібір тек мағынасын біл де, халыққа пайда келтір» (1911, 32), – деп ғылымның маңыздылығымен бірге мақсатын танытады. Бұл тұжырым ағартушының білімді насихаттау жолындағы демократиялық көзқарасын білдіреді. Ғұмар Қараштың «Педагогика» оқулығына қатысты зерттеу өткен ғасырдың аяғынан бастап жүргізілді. Әдебиеттанушы ғалым М.Тәж-Мұраттың 1991 жылы «Қазақстан мектебі» журналына жарияланған «Ғұмар Қараш және оның «Педагогика» кітабы» атты мақалада ағартушының 1919 жылы жарық көрген «Педагогикаға» мазмұндық талдау жасалынған. Ғалымның пікірінше, «Педагогика» жеке мақала емес, журналға жарияланған мақалалардан құралған педагогикалық еңбек (1991, 51-55). Өйткені небәрі 9 саны ғана жарық көрген «Мұғалім» журналының бізге белгілі №2, №7 сандарына Ғұмар Қараштың «Педагогикасы» жарияланған. Сол себептен де, «Педагогика» еңбегінің ортасынан соңына дейінгі басылған бөлімдері ғана анықталған. Алаштанушы С.Жұмағұлдың «Ғұмар Қараш шығармашылығы» атты оқу-құралында ағартушының қоғамдық-саяси, әдеби-мәдени қызметінен бастап педагогикалық мұралары талданған (2005). Әсіресе, Ғұмар Қараштың «Педагогика» еңбегіне жасалынған әдістемелік талдау оқытудағы психо-педагогикалық контекстте кеңінен зерттелген. Сонымен бірге, Ғұмар Қараштың «Педагогика» еңбегін «ұлттық педагогикалық ой-пікірлер оның ғылыми негізін қалауымен құнды» ретінде бағалап: «М.Жұмабаевтың «Педагогика» (1922, 1923), Ж.Аймауытовтың «Тәрбиеге жетекші» (1924), «Психология» (1926), «Жан жүйесі мен өнер таңдау» (1926) сынды еңбектеріне жол салып, қазақтың осы бағыттағы ғылыми-зерттеушілік ізденістерін кеңейте түсті» (Боранбаев 2014, 97), – деп ұлттық педагогиканың қалыптасуындағы маңыздылығын айшықтай түседі. Профессор Б.Боранбаевтың «Ғұмар Қараш. Қоғамдық-саяси қызметі» атты монографиясында қайраткердің қоғамдық-саяси қызметі алғашқы рет алаш қозғалысы және оған қатысқан қазақ зиялыларының өмірімен тығыз байла-

ныста қарастырылған (Боранбаев 2014). Монографияның алғашқы тарауында Ғұмар Қараштың «Педагогика» оқулығындағы «Педагогика» оқулығында ұсынылған тұжырымдардың ұлттық тәрбие дәстүрімен сабақтастығы, адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудағы орны және жас ұрпақты тәрбиелеудегі маңызы ғылыми тұрғыда сипатталады. Сонымен қатар, Ғұмар Қараштың өмірі мен шығармашылық мұрасын, әсіресе ағартушылық және педагогикалық көзқарастарын зерттеуде Ө. Сапардың «Ғұмар Қарашев: өмірі мен қызметі» (2000), Н. Исатайдың «Ғұмар Қараш» (2004) атты монографиялары маңызды ғылыми еңбектердің қатарына жатады. Бұл зерттеулерде қайраткердің ұлттық білім беру мәселелеріне қатысты тұжырымдарымен бірге «Педагогика» еңбегіндегі дидактикалық ұстанымдар талданады. Сондай-ақ А. Каукунова (2006), А. Қуатов (2024), Б. Аташ (2025) еңбектерінде Ғұмар Қараштың «Педагогика» оқулығындағы көзқарастары әр қырынан қарастырылып, ағартушының білім беру, тәрбие және ұлттық сана қалыптастыру мәселелеріне қатысты тұжырымдары ғылыми тұрғыда бағаланады. Профессор Б.Боранбаев Ғұмар Қараштың «Педагогика» еңбегінің әдістемелік ерекшелігі ретінде тәрбие берудегі ақыл тәрбиесі, ой тәрбиесі, дене тәрбиесін бір-бірімен ажыратпай байланыстырып, кешенді (комплексі) жүргізілуімен байланыстырады. Сонымен қатар, «Педагогика» еңбегінің ұлттық тәрбиені жүзеге асыруға бағытталғаны мен қазақ халқының топырағы, салт-дәстүрі, мінез-құлқымен байланыстылығы жағынан қазақ педагогикасы тарихындағы тұңғыш жазылған этнопедагогикалық еңбек ретінде қарастырады (2014, 76). Зерттеуші М.Ысмағұлов: «Шын мәнісінде педагогика теориясын (қағидасын) ана тілімізде жазған тұңғыш автор – Ғұмар Қараш», – деп жоғары баға береді (1959, 15). Ғұмар Қараштың «Педагогика» оқу құралын алғаш зерттеуші М.Тәж-Мұрат: «Ғұмар өзі көріп, біліп өскен халықтық педагогикадан Сократ, Жан-Жак Руссо, Шопенгауэрге дейінгі бір шоғыр оқымыстыны оқығанын, оқып қана қоймай, ой елегінен өткізіп, қазақ баласының қалыбын, ахлақ (мінез-құлқын) дәптеу түсінігін білгірлікпен іріктеп алып отырғаны анық», – деп «Педагогика» еңбегінің жазылу сипатын танытады (1991, 52). Десек те, аталған еңбектерде ағартушының әдістемелік қағидаттары сол уақыттың оқыту нысанына қарай зерттелген. Сәйкесінше, Ғұмар Қараштың педагогикалық идеяларының қазіргі уақыттағы білім беру контекстіндегі өзектілігі мен маңызы толықтай қарастырылмаған.

Зерттеу сұрақтары:

1. Алаш қайраткері Ғұмар Қараштың «Педагогика» еңбегіндегі әдістемелік тұжырымдар қазіргі білім беру жүйесімен қаншалықты байланысады?
2. «Педагогика» еңбегіндегі әдістемелік тұжырымдардың қазіргі білім беру жүйесіндегі интерпретациясының қандай маңызы бар?

Материалдар мен әдістер. Зерттеу мақаласын жазу барысында салыстырмалы талдау жүргізу, әдістемелік интерпретация, жинақтау, жүйелеу, бағалау, пікірлерді қорыту әдістері қолданылды. Салыстырмалы талдау әдісі «Педагогика» еңбегіндегі әдістемелік тұжырымдардың қазіргі білім беру жүйесімен байланысын салыстырмалы түрде анықтау үшін, ал дерекнамалық мәлімет жинақтауда, әдебиеттерге шолу жасағанда жүйелеу, бағалау, пікірлерді қорыту әдістері пайдаланылды. Әдістемелік интерпретация «Педагогика» еңбегінің қазіргі таңдағы оқыту технологиялары арасындағы байланысының ерекшелігін анықтауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік интерпретация дидактикалық ұстанымдар, интербелсенді оқыту, оқыту мотивтері аясында жүзеге асады:

«Дидактикалық ұстанымдар – оқыту процесінің жалпы мақсаттарына және заңдылықтарына сәйкесті мазмұнды, ұйымдастырушылық формалар мен әдістерді анықтайтын базистік жағдайлар» (Аубакирова 2008, 29). Дидактикалық ұстанымдар арқылы оқыту процесі іске асады.

Кесте 1 – Дидактикалық ұстаным түрлері



Интербелсенді оқыту – оқушының тәжірибие тұрғысынан жасалған белсенді қарым-қатынасына негізделеді.


«Интербелсенді оқыту» нәтижесінде оқушы:

1. Терең ойлау, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамытады;
2. Өздігімен жаңа түсінікпен білім құрастырады;
3. Пікірталастарға қатысып, өз ойымен пікірін дәлелдейді;
4. Ортақ жұмысқа жұмылады;
5. Өз идеялары мен әрекеттерін талдайды және баға береді (Аубакирова 2008, 4).

Сол себепті де «интербелсенді оқыту» шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастырады. Өйткені «интербелсенді оқыту негізі» оқытудағы оқушының оқу мотивтерімен тығыз байланысты.

Оқытудағы мотив – оқушы тұлғасына бағытталған оқуға ынталандыратын күш. Мотивация қалыптастырудың нәтижесі оқушының білімге деген көзқарасының саналы түрде дұрыс қалыптастыруымен байланысты деп түсінген абзал. Сондықтан да жоғарыдағы білім беру мазмұндары тәжірибиеде дидактикалық ұстанымдар ерекшеліктер арқылы жүзеге асады.

2 Кесте. Зерттеудің блок-схемасы



Ғылыми-зерттеу материалдары үшін негізгі дереккөз ретінде «Мұғалім» журналының қадым графикасындағы түпнұсқасы мен PhD А.Ақынбекованың құрастыруымен жарық көрген «Мұғалім» журналының 7-санының қазіргі қаріпке түскен нұсқасын пайдаландық.



Сурет 1 – 1919 жылы жарық көрген «Мұғалім» журналының мұқабасы

Сонымен қатар, зерттеу барысында ағартушы Ғұмар Қараштың «Педагогика» еңбегіндегі әдістемелік тұжырымдардың қазіргі білім беру жүйесімен байланыстылығын анықтау үшін онлайн сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 133 респодент ақпан-наурыз айларында қатысты. Олардың 58,6 %-ы Алматы, Жетісу, Ақтөбе, Маңғыстау облыстарындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері (78) болса, 41,4 %-ы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті мен Сулеймен Демірелі атындағы университеттің 6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасында оқитын 1-3 курс студенттері (54). Сауалнамаға «Google Forms» – деректерді жинау, онлайн тестілеуге мүмкіндік беретін онлайн құрал қолданылды.

Сауалнамада арнайы құрастырылған сұрақтар қатары қамтылып, Ғұмар Қараштың «Педагогика» еңбегіндегі әдістемелік тұжырымдарын қарастырды. Сұрақтар сипатына қарай 5 бөлімнен, 12 сауалдан тұрды:

1 Бөлім. Респоденттер туралы жалпы ақпарат;

2 Бөлім. Ғұмар Қараш өмірі мен шығармашылығы;

3 Бөлім. Ғұмар Қараштың «Педагогика» еңбегі жайынан;

4 Бөлім. Ғұмар Қараштың «Педагогика» еңбегіндегі әдістемелік тұжырымдардың қазіргі білім беру жүйесімен байланыстылығы;

5 Бөлім. Қорытынды сауалдар.

Нәтижелер.


Сауалнама негізінде:

1. «Алаш қайраткер, ақын, ағартушы, публицист, педагог Ғұмар Қараштың өмірі мен шығармашылығынан хабардарсыз ба?» деген сауалға респоденттердің 63,2%-ы (84) «иә, білемін» деп жауап берсе, 36,8%-ы (49) «жоқ, білмеймін» деген нәтижені берді.




Сурет 2 – Респоденттердің ағартушы Ғұмар Қараштың өмірі мен шығармашылығын білу деңгейі

2. Келесі сауал Ғұмар Қараштың 1919 жылы «Мұғалім» журналына жарияланған «Педагогика» еңбегін қаншалықты білуіне негізделді. Нәтижесінде респоденттердің 44,3%-ы (58) «иә, білемін» деп жауап берсе, 55,7%-ы (73) «жоқ, білмеймін» деген нәтижені көрсетті.



Сурет 3 – Респоденттердің ағартушы Ғұмар Қараштың «Педагогика» еңбегін білу деңгейі


2. Ғұмар Қараштың «Педагогика» еңбегіндегі: «Үйрету реті баста бірте-бірте ашық баяндап кеңейтіп, олардың ығтихатына сіңетін, қызықтыратын, тиятын, түзететін сөздермен болады» деген тұжырымы «оқытудың бірізділігі және жүйелілігі» ұстанымы немесе «спиральды (шығыршық) оқыту» мазмұнымен байланысады деп ойлайсыз ба?» деген сауалға респоденттердің 78,2%-ы (104) «иә, байланысады» деп жауап берсе, 18,8%-ы (25) «жоқ, байланыспайды» деген нәтижені көрсетті. Ал 3,2%-ы (4) респодент сауалға жауап беруден қалыс қалған.



Сурет 4 – Респоденттердің ағартушы Ғұмар Қараштың «Педагогика» еңбегіндегі тұжырымның қазіргі білім беру жүйесіндегі «оқытудың бірізділігі және жүйелілігі» ұстанымы немесе «спиральды (шығыршық) оқыту» мазмұнымен байланысу деңгейі

4. Ғұмар Қараштың «Педагогика» еңбегіндегі: «Үйретудің екі түрлі жолында да бірі көрсетіп, бірі жаттай түсіндіріп, ақыл шегінің өсу шамасына қарай тұрмыстың мінез туралы жарыққа шыққан істерінде түптеп тексеруді қосу керек» деген әдістемелік тұжырымы төмендегі нұсқалармен байланысады? деген сауалға:


- 4.1. «Оқытудың көрнекілік ұстанымы» – 26,3% (35);
- 4.2. «Оқытудың спиральді (шығыршық) жүйесі» – 24,8% (33);
- 4.3. «Оқытудың 4К моделі» – 9,8% (13);
- 4.4. «Барлық жауап дұрыс» – 38,3% (51).



Сурет 5 – Респоденттердің ағартушы Ғұмар Қарааштың «Педагогика» еңбегіндегі «Үйретудің екі түрлі жолында да бірі көрсетіп, бірі жаттай түсіндіріп, ақыл шегінің өсу шамасына қарай тұрмыстың мінез туралы жарыққа шыққан істерінде түптеп тексеруді қосу керек» деген әдістемелік тұжырымының қазіргі білім беру жүйесімен байланысу деңгейі


5. Ғұмар Қараштың «Педагогика» еңбегіндегі: «Шәкірттеріңізге ауыздай үгіт бермеңіз, пайдалы нәрсені өздері тәжірбие арқылы тапсын», «Баланың аузына дайындап ештеңе салып бермеңіз. Бала керегін өзі тауып жесін» деген әдістемелік тұжырымы төмендегі нұсқалармен байланысады? деген сауалға:

- 5.1. «Тәжірбиеге бағытталған оқыту жүйесі» – 34,8% (46);
- 5.3. «Нәтижеге бағытталған білім беру жүйесі» – 27,3% (36);
- 5.4. «Дара тұлғаға бағытталған білім беру жүйесі» – 13,6% (18);
- 5.5. «Барлық жауап дұрыс» – 24,2% (32).




Сурет 6 – Респоденттердің ағартушы Ғұмар Қарааштың «Педагогика» еңбегіндегі «Шәкірттеріңізге ауыздай үгіт бермеңіз, пайдалы нәрсені өздері тәжірбие арқылы тапсын», «Баланың аузына дайындап ештеңе салып бермеңіз. Бала керегін өзі тауып жесін» деген әдістемелік тұжырымының қазіргі білім беру жүйесімен байланысу деңгейі

6. Ғұмар Қараштың «Педагогика» еңбегіндегі: «Үйренудің жұмбағы – осы мың түрлі өрнектерден керектісін айырып алуға жәрдем ету һәм адам баласының әрбір ісіндегі себепті және ол себептің әлгі іске қалай әсер етуін балаға білдіру» оқытудың «дедуктивті» әдісімен байланысады деп ойлайсыз ба? деген сауалға 84,7%-ы (111) «иә, байланысады» деп жауап берсе, 12,2%-ы (16) «жоқ, байланыспайды», ал «өз жауабым» бөлімінде «тәжірбиеге негіздеу» жауабын респоденттердің 0,8%-ы (1), «нақтылы емес» – 0,8%-ы (1), «білмеймін» – 0,8%-ы (1) деген нәтижені көрсетті.



Сурет 7 -Респоденттердің ағартушы Ғұмар Қарааштың «Педагогика» еңбегіндегі қазіргі білім беру жүйесіндегі «дедуктивті» әдісімен байланысу деңгейі

7. Ғұмар Қараштың «Педагогика» еңбегіндегі: «Бегіректе баланың, яки үгіт берушінің өзіне хас етіп айтылмай, қоршаған төңірегіндегі бір уақиғаға тіреп айтылса, онда әсерлірек болуы мүмкін» деген әдістемелік тұжырымы «оқушылар білімінің беріктігі» ұстанымымен байланысады деп ойлайсыз ба? деген сауалға респоденттердің 83,5%-ы (111) «иә, байланысады» деп жауап берсе, 16,5%-ы (22) «жоқ, байланыспайды» деген нәтижені көрсеткен.



Сурет 8 – Респоденттердің ағартушы Ғұмар Қараштың «Педагогика» еңбегіндегі қазіргі білім беру жүйесіндегі «оқушылар білімінің беріктігі» ұстанымымен байланысу деңгейі

8. «Жоғарыда берілген Ғұмар Қараштың әдістемелік тұжырымдары қазіргі білім беру жүйесімен байланысады деп ойлайсыз ба?» деген қорытынды сауалға респоденттердің 92,4%-ы (122) «иә, байланысады» деп жауап берсе, 7,6%-ы (10) «жоқ, байланыспайды» деген нәтижені көрсеткен.



Сурет 9 – Респоденттердің ағартушы Ғұмар Қараштың «Педагогика» еңбегіндегі тұжырымдардың қазіргі білім беру жүйесімен байланысуы деңгейі

Талқылау. Нәтижелер бөліміндегі кіріспе сауалдарды талқылай келе төмендегідей тұжырымдар жасаймыз:

Кесте 3 – Кіріспе сауалдарға тұжырым

№	Сұрақ	Респоденттердің пайыздық көрсеткіштері	Тұжырым
1.	«Алаш қайраткер, ақын, ағартушы, публицист, педагог Ғұмар Қараштың өмірі мен шығармашылығынан хабардарсыз ба?»	63,2%-ы (84) – жоқ 36,8%-ы (49) – иә	Респоденттердің 63,2%-ы Ғұмар Қараштың өмірі мен шығармашылығынан хабарым бар десе де, 36,8% ≈ 37%-ның тұлға туралы ақпаратының жоқтығы қайраткердің әдістемелік еңбектері ғана емес, тұтастай өмірі мен шығармашылығының зерттелмей келе жатқандығын білдіреді.
2.	«Ғұмар Қараштың 1919 жылы «Мұғалім» журналына жарық көрген «Педагогика» еңбегін білесіз бе?»	44,3%-ы (58) – иә 55,7%-ы (73) – жоқ	Респоденттердің 55,7%-ы ≈ 56%-ы Ғұмар Қараштың «Педагогика» еңбегінің жарық көргенін білмеуі, ондағы әдістемелік тұжырымдармен таныс болмауының өзі зерттеуіміздің соны екендігін танытады.

«Педагогика» еңбегіндегі әдістемелік тұжырымдарды қазіргі білім беру жүйесімен интерпретациялап, «Нәтижелер» бөліміндегі негізгі сауалдарды талқылай келе төмендегідей тұжырымдарға қол жеткіздік. Педагогикалық интерпретация «оқыту жолы» мен «оқытушы іс-әрекетіне» негізделді.

1. Теория мен тәжірибенің байланысы

Ғұмар Қараштың «Тұрмыс жолдарын үйрену» мен «адам іс-әрекет үстінде өсіп жетіледі» деген ой арқылы білімді өмірмен ұштастыруды басты шарт ретінде көрсетеді. Оның пайымдауынша, білім – табиғатпен, қоғаммен және адамның күнделікті әрекетімен сабақтас болуы тиіс.

Әдістемелік сипаты:

- 1.1 Оқу материалын өмірлік жағдаяттармен байланыстыру;
- 1.2 Теорияны тәжірибелік тапсырмалар арқылы бекіту;
- 1.3 Білімді қолданбалы сипатта меңгерту.

Қазіргі интерпретациясы:

- 1.1 Контекстік оқыту;
- 1.2 Практикаға бағдарланған тапсырмалар;
- 1.3 «Білім – тұрмыс кілті» қағидасы.

Тұжырым: Алынған білім өмірде қолданылмаса, оның құндылығы әлсірейді. Демек, Қараш әдістемесі құзыреттілікке негізделген оқыту тұжырымдамасымен үйлеседі.

2. Ғылыми-шығармашылық бағыт

«Үйренудің жұмбағы – мың түрлі өрнектерден керектісін айырып алуға жәрдем ету» деген тұжырым білім алушыны дайын ақпаратты қабылдаушы емес, талдаушы тұлға ретінде қарастырады.

Әдістемелік сипаты:

- 2.1 Индуктивті және дедуктивті тәсілдер;
- 2.2 Себеп-салдарлық байланыстарды ашу;
- 2.3 Оқушыны зерттеушілік әрекетке тарту.

Қазіргі интерпретациясы:

- 2.1 Зерттеушілік оқыту;
- 2.2 Сыни ойлау технологиясы;
- 2.3 Жобалық жұмыс.

Сауалнама нәтижесі: Респонденттердің шамамен 85%-ы бұл әдістеменің қазіргі білім беру жүйесінде өзекті екенін мойындады.

Тұжырым: Ғылыми танымға негізделген оқыту қазақ педагогикасында ерте қалыптасқан.

3. Оқытудың бірізділігі мен жүйелілігі

«Үйрету реті баста бірте-бірте ашық баяндап кеңейтіп...» деген тұжырым білімді кезең-кезеңімен меңгертуді көздейді.

Әдістемелік сипаты:

- 3.1 Материалды бөліктерге жіктеу;
- 3.2 Қайталау арқылы бекіту;
- 3.3 Жас ерекшелігін ескеру.

Қазіргі интерпретациясы:

- 3.1 Спиральді оқыту жүйесі;
- 3.2 Білім мазмұнының сабақтастығы.

Сауалнама нәтижесі: 78% қолдау білдірсе, шамамен 19% келіспейтінін көрсеткен.

Тұжырым: Бұл бағыт қазіргі жаңартылған білім мазмұнымен сәйкес келеді, алайда әдістемелік жаңғыртуды қажет етеді.

4. Білімнің беріктігі

«Бегіректе баланың өзіне хас етіп айтылмай, уақиғаға тіреп айтылса, әсерлірек болады» деген пікір эмоционалдық қабылдаудың маңызын көрсетеді.

Әдістемелік сипаты:

- 4.1 Оқушының жағымды әсерін ояту;
- 4.2 Материалды жүйелі беру;
- 4.3 Қайталауды ұйымдастыру.

Қазіргі интерпретациясы:

- 4.1 Эмоциялық интеллект элементтері;
- 4.2 Контекстік оқыту.

Сауалнама нәтижесі: 84% қолдау білдірген.

Тұжырым: Білімнің беріктігі – тек мазмұн емес, оның берілу формасына да тәуелді.

5. Көрнекілік және интербелсенділік

«Жансыз түсіндіру – тез ұмытылатын болады» деген ой көрнекіліктің қажеттілігін дәлелдейді.

Әдістемелік сипаты:

- 5.1 Көрнекі құралдарды қолдану;
- 5.2 Сезім мүшелері арқылы қабылдау;
- 5.3 Өмірлік жағдаят құру.

Қазіргі интерпретациясы:

- 5.1 Интербелсенді оқыту;
- 5.2 4К моделі;
- 5.3 Спиральді жүйемен ұштастыру.

Сауалнама нәтижесі: Респонденттердің 38,3%-ы бұл әдістемені заманауи модельдермен байланыстырады, басым бөлігі көрнекілік ұстанымына басымдық берген.

Тұжырым: Қараш еңбегіндегі көрнекілік идеясы қазіргі интербелсенді оқытудың бастауында тұр.

6. Саналылық және белсенділік

«Табиғат баланың бала болуын тілейді» деген ой баланың табиғи дамуын құрметтеуді көздейді.

Әдістемелік сипаты:

- 6.1 Өзіндік ойлау;
- 6.3 Дербес пікір қалыптастыру.

Қазіргі интерпретациясы:

- 6.1 Оқушы субъектілігі;
- 6.2 Жеке оқу траекториясы;
- 6.3 Белсенді оқыту.

Тұжырым: Оқу тапсырмасы оқушының өзіндік әрекетін қалыптастыруы тиіс. Бұл – оның тұлғалық дамуының негізі.

Кесте 4 – «Педагогика» еңбегіндегі оқытушы құзыреттілігінің интерпретациясы

	Әдістемелік бағдары	Ұстанымдық сипаты	Қазіргі білім беру жүйесіндегі интерпретациясы	Тұжырым
ОҚЫТУШЫ БАҒДАРЫ	1. «Шәкірттеріңізге ауыздай үгіт бермеңіз, пайдалы нәрсені өздері тәжірбие арқылы тапсын». 2. «Баланың аузына дайындап ештеңе салып бермеңіз. Бала керегін өзі тауып жесін»	Тәжірбиеге бағытталған оқыту	Оқушының тәжірбие тұрғысынан жасалған белсенді қарым-қатынасына негізделеді.	Бұл әдістемеге респонденттердің басым көпшілігі қазіргі білім беру жүйесіндегі «Тәжірбиеге бағытталған оқыту жүйесі», «Нәтижеге бағытталған білім беру жүйесі», «Дара тұлғаға бағытталған білім беру жүйесі» әдістемесімен байланысаты деген нәтижені көрсеткенімен де 24,2%, осы жауаптардың ішінен «Тәжірбиеге бағытталған оқыту жүйесіне» басымдық берілді. Сондықтан да біздің педагогикалық интерпретация сауалнамдағы алынған нәтижемен үндес.
	3. «Олар әр нәрсені тексеріп, балаға себебін түсіндіріп, ерте бастан құрда. «Мынау жақсы, мынау жаман, мынаны істеуге болмайды». Бұдан соң балалардың көз алдына болып тұрған нәрселерден мысал көрсетіп, жақсы-жаманлығын түсіндіріп, істеуге тиіс деп көрсеткен істің қарсы жағын да баяндап көрсетілер». 4. «Шәкірт өзі жан-тәнімен сүйген мұғалімімен ғана тиянақты білім ала алады».	Оқыту мотиві	Оқытудағы мотив – оқушы тұлғасына бағытталған оқуға ынталандыратын күш.	Білімге дағдыландыру, оқу қызықтыру – алынған білімнің негізі. Негізді қалыптастыру оқыту мотивін дамытумен байланысты.

XXI ғасырдағы білім беру мазмұнын қалыптастырудың ортақ негіздеріне – «гумани-таризация, гуманизация, экологизация, дифференциация, интеграция, әлемдік және ұлттық мәде-ниет мұраларын кең қолдану, жаңа ақпараттық технологияларды кең пайдалану, көпкомпо-нентті, толыққанды оқыту үрдісінің шартты және нәтижесі ретінде шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру жатады» (Ысмағұлов 1959, 38).

Білім беру мазмұнын қалыптастырудың ортақ негіздерінің ішінде қазіргі уақытта «инте-грация», «шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру» сипаттының бүгінгі «жаңартылған білім беру мазмұнындағы» орны ерекше. Өйткені «жаңартылған білім беру мазмұнының» ерекше-лігімен байланысты болғандығынан. Мәселен, «жаңартылған білім беру мазмұнының»: «білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою болып табылады» деген ерекшелігі «интеграциялық» сипаттың айқын көрінісі болса, «шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру» «жаңартылған білім беру мазмұныныңдағы» «интербелсенді» оқытумен тығыз байланысты. Ғұмар Қараштың «Педагогика» еңбегіндегі:

1. «Үйретудің екі түрлі жолында да бірі көрсетіп, бірі жаттай түсіндіріп, ақыл шегінің өсу шамасына қарай тұрмыстың мінез туралы жарыққа шыққан істерінде түптеп тексеруді қосу керек»;

2. «Шәкірттеріңізге ауыздай үгіт бермеңіз, пайдалы нәрсені өздері тәжірбие арқылы тапсын»;

3. «Баланың аузына дайындап ештеңе салып бермеңіз. Бала керегін өзі тауып жесін» деген әдістемелік тұжырымдары бүгінгі таңдағы интербелсенді оқытудың қағидатымен үндеседі. Өйткені «Интербелсенді оқыту дегеніміз – өзара қарым-қатынасқа негізделген оқыту, «диалог»

арқылы үйрету. Сонымен бірге, Ғұмар Қараш «Педагогика» еңбегінде «жансыз түсіндіру», «ауыздай үгіт беру» ұғымдарына баса назар аударады. Бұл қазіргі оқыту үдерісіндегі тәжірбиесіз, көрнекіліксіз, жаңа технологиялық құралдарды пайдаланбай оқыту мәселесімен байланысады. Бұл тұрғыдан оқытушыларға «көрнекілік әдісін» қолданған абзалырақ.

Оқытудағы «көрнекілік» әдіс – «сөздік пен тәжірбиелік әдістермен өзара байланыста қолданылады және құбылыстармен, объектілермен оқушыларды таныстырғанда олардың сезім мүшелеріне әсер етіп, алуан түрлі сурет, көшірме, сызба арқылы құбылыс, процесс, объектілердің символдық бейнелерін немесе оларды табиғи күйінде қабылдайды» (Ысмағұлов 1959, 405).

Қазіргі білім беру үдерісіндегі интеграция ұғымы «Педагогика» еңбегінде: «Бегіректе баланың, яки үгіт берушінің өзіне хас етіп айтылмай, қоршаған төңірегіндегі бір уақиғаға тіреп айтылса, онда әсерлірек болуы мүмкін», – деп берілген. Оқытудағы интеграция – жеке оқу пәндерінің, бөліктерінің арасындағы мәнді байланыстарды анықтау негізінде тұтастың қалыптасу үрдісі және нәтижесі (Ысмағұлов 1959, 39). Мұндай оқыту тәсілі оқушылардың функционалды сауаттылығын арттырады.

«Нәтижелер» бөліміндегі қорытынды сауалдарды талқылай келе, төмендегідей тұжырымдар жасаймыз:

Кесте 5 – Қорытынды сауалдарға тұжырым

№	Сұрақ	Респондент жауаптарының пайыздық көрсеткіштері мен пікірлері	Тұжырым
1.	«Жоғарыда берілген Ғұмар Қараштың әдістемелік тұжырымдары қазіргі білім беру жүйесімен байланысатын деп ойлайсыз ба?»	92,5%-ы (123) – иә 7,5%-ы (10) – жоқ	Респонденттердің 92,5%-ы ≈ 93%-ы Ғұмар Қараштың «Педагогика» еңбегіндегі әдістемелік тұжырымдарды қазіргі білім беру жүйесімен байланыстырады. Демек, педагогикалық интерпретация толықтай нәтижелі деуімізге болады.
2.	«Алаш қайраткері Ғұмар Қараштың әдістемелік тұжырымдары туралы бөліскіңіз келетін қосымша пікіріңіз немесе ойыңыз бар ма?»	1. Ғұмар Қараштың әдістемесін оқыту тәжірбиесіне қосса болады; 2. Ұлттық педагогика ретінде ЖОО бағдарламасына енгізу керек; 3. Балаға білім берерде, бар дүниені алдына қоя салмай, ізденісті өзіне берсек, үлкен нәтиже алатынымыз сөзсіз. Балаға бағықты емес, қарамақты қолына беріп үйрету керек деген ұстанымға саяды деп ойлаймын; 4. Ғұмар Қараштың басты ұстанымдарының бірі – баланың жеке тұлғасын дамыту, оны тек теориялық біліммен ғана емес, өмірлік тәжірибе мен өздігінен ойлау қабілетін арттыру арқылы тәрбиелеу. Бұл қазіргі білім беру жүйесінде аса маңызды, себебі бүгінгі қоғамда тек білім алу ғана емес, сонымен қатар сын тұрғысынан ойлау, шығармашылық қабілеттерді дамыту, өмірде кездесетін мәселелерді шешу дағдылары да талап етіледі; 5. Ағартушы Ғұмар Қарашұлының педагогикалық ойлары мен тұжырымы - қазіргі оқытуға керекті әдістемелік нұсқаулық; 6. Ғұмар Қараштың «Педагогика» кітабы көбірек зерттеліп, әдгалімдердің игі істеріне қолданылса деймін; 7. Оқушылардың білімін шыңдауда көмегі зор; 8. Меніңше, Ғ.Қараштың әдістемелік тұжырымдарын оқытуда қолданса оң әсерін беретіндей; 9. Ғұмар Қараштың әдістемесі ұлттық құндылыққа негізделген! Бүгінгі білім беру жүйесімен байланысады; 10. Ғұмар Қараштың әдістемелік тұжырымын қазіргі жаһандық тұрғысынан қарау керек сынды...	Орта мектеп әдгалімдері мен студенттердің пікірлері Ғұмар Қараштың әдістемелік тұжырымдарының қазіргі оқыту жүйесімен байланыстылығын дәлелдейді.

Қорытынды. Ғұмар Қараштың 1919 жылы жарық көрген «Педагогика» еңбегіндегі әдістемелік пайымдар қазіргі білім беру жүйесімен сабақтасатынын байқауымызға болады. Ағартушы ұсынған оқу үрдісінің мәнін педагогикалық парадигманың өзегіне айналған «оқушы әрекеттілігі», «тәрбиелік нәтижелердің біртұтастығы», «күндылық-бағдарлы оқыту» ұғымдарымен үндеседі. Зерттеу нәтижелері де «Педагогика» еңбегіндегі әдістемелік тұжырымдар қазіргі білім беру жүйесіндегі әдістеменің дамуына ықпал етуге болатынын көрсетеді. Сондықтан да «Педагогика» еңбегіндегі әдістемені қолданудың маңызы жоғары. Себебі, жүргізілген сауалнама нәтижелері мектеп оқытушыларының оң көзқарасын білдіреді. Оқытушылардың басым бөлігі «Педагогика» еңбегінің қазіргі білім беру жүйесімен байланысын растайды.

Зерттеу барысында «Педагогика» еңбегіндегі әдістемелік тұжырымдардың қазіргі білім беру жүйесіндегі интерпретациясы ғылыми нәтиже беретінін анықтауға мүмкіндік туды. Біріншіден, Ғұмар Қараш көзқарастарын бүгінгі педагогикалық тәжірибе тұрғысынан талдау қазақ ағартушылық дәстүрінің әдіснамалық тереңдігін ашып, ұлттық педагогикалық ой дамуының ішкі логикасын айқындайды. Екіншіден, өткен ғасыр басындағы әдістемелік қағидаларды қазіргі педагогикалық технологиялармен салыстыра зерделеу білім мазмұнының эволюциялық сипатын, тарихи сабақтастықты ғылыми тұрғыда дәлелдеуге жағдай жасайды. Үшіншіден, Ғұмар Қараш тұжырымдарын қазіргі оқу-тәрбие үдерісінде қолдану мүмкіндіктерін айқындау ұлттық білім берудің концептуалдық моделін толықтыра түседі.

Жалпы алғанда, Ғұмар Қараштың «Педагогика» еңбегінің қазіргі білім беру жүйесіндегі интерпретациясы ұлттық педагогикалық ойды жаңаша пайымдауға, оның ғылыми әлеуетін заманауи әдістемелік талаптармен тоғыстыруға мүмкіндік береді. Бұл зерттеу нәтижелері қазақ педагогикасының теориялық негіздерін кеңейтуге, тарихи мұра мен бүгінгі білім беру парадигмасының арасындағы байланыстарды тереңірек түсіндіруге және ұлттық білім кеңістігінің өзіндік ғылыми мектебін қалыптастыруға үлес қосады. Осы орайда бірқатар ұсыныс білдіруге болады.

Біріншіден, зерттеуіміздің нәтижесі көрсеткендей, ағартушы еңбектеріне алдағы уақыттарда кешенді әдіснамалық талдау қажет;

Екіншіден, «Педагогика» еңбегіндегі әдістемені әлемдік педагогика контекстінде қарастыру керек;

Үшіншіден, ЖОО-да оқытылатын «Алаштану және ұлттық білім беру саясаты», «Педагогика тарихы» пәнінің ХХ ғасырдағы кезеңіне әдіснамалық негіз етуге болады. Өйткені Ғұмар Қараштың педагогикалық көзқарастарының ЖОО-да оқытылуы білім алушылардың әдістемелік тәжірибесін байытуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қараш Ғ. Бұ қай заман // Қазақстан. – 1911. – №1. – 15 ноябрь. – Орал.
2. Тәж-Мұрат, М.Ғұмар Қараш және оның «Педагогика» кітабы // Қазақстан мектебі. – 1991. – №3. – Б. 51–55.
3. Қараш Ғ. Замана. – Алматы: Ғылым, 1994. – 240 б.
4. Жұмағұлов С.Б. Ғұмар Қараш шығармашылығы: Оқу құралы. – Қарағанды: ҚарМу баспасы, 2005. – 120б.
5. Боранбаев Б. Ғұмар Қараш. Қоғамдық-саяси қызметі: Монография. – Алматы: Арыс, 2014. – 232 б.
6. Сапар Ө. Ғұмар Қарашев: өмірі мен қызметі. – Алматы: Қайнар, 2000. – 34 б.
7. Исатай Н. Ғұмар Қараш. – Орал: БҚМУ, 2004. – 136 б.
8. Каукенова А. Ғұмар Қараштың еңбектеріндегі тәлім-тәрбиелік ойлар//Қазақстан мектебі.–2006–№10.
9. Құатов А. Ғұмар Қараш шығармашылығы және жәдидтік көзқарас // Жас Алаш. – 2024. – №67.
10. Аташ Б. Ғұмар Қараштың дін мен ағартушылықтың арақатынасы хақындағы тебіренісі // «Ғұмар Қараш – тарихи тұлға» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: ҚазҰПУ, 2025. – 256 б.
11. Ысмағұлов М. Ғұмар Қараштың тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері//Қазақстан мұғалімі. –1959.–№21 (34).
12. Аубақирова Р.Ж. Педагогикалық зерттеу әдістемесі: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2008. – 128 б.

References:

1. Qarash Ғ. Bu qay zaman // Qazaqstan. – 1911. – №1. – 15 noiabr. – Oral.
2. Taj-Murat M. Gumar Qarash jáne onyń «Pedagogika» kitaby//Qazaqstan mektebi. – 1991. – №3. – B. 51–55.

3. Qarash F. *Zamana*. – Almaty: Gylym, 1994. – 240 b.
4. Jumaǵulov S.B. *Ǵumar Qarash shyǵarmaşylyǵy: Oqy quraly*. – Qaragandy: QarMU baspasy, 2005. – 120 b.
5. Boranbaev B. *Ǵumar Qarash. Qoǵamdyq-saiasi qyzmeti: Monografiua*. – Almaty: Arys, 2014. – 232 b.
6. Sapar Ó. *Ǵumar Qarashev: ómiri men qyzmeti*. – Almaty: Qanar, 2000. – 34 b.
7. Isatai N. *Ǵumar Qarash*. – Oral: BQMU, 2004. – 136 b.
8. Kaykenova A. *Ǵumar Qarashyń enbekterindegi tálim-tárbielik oılar // Qazaqstan mektebi*. – 2006. – №10.
9. Qyátov A. *Ǵumar Qarash shyǵarmaşylyǵy jáne jádiddik kózqaras // Jas Alash*. – 2024. – №67.
10. Atash B. *Ǵumar Qarashyń din men aǵartýshylyqtyń araqatynasy haqyndaǵy tebirenişi // «Ǵumar Qarash – tarihi tǵlǵa» aty halyqaralyq ǵylymi-tájiribelik konferencua materialdary*. – Almaty: QazÚPU, 2025. – 256 b.
11. Ysmaǵulov M. *Ǵumar Qarashyń tálim-tárbielik oi-pikirleri // Qazaqstan múǵalimi*. – 1959. – №21 (34).
12. Aýbakirova R.J. *Pedagogikalyq zertteý ádistemesi: Oqy quraly*. – Astana: Foliant, 2008. – 128 b.